

ОЙЫЛДАҒЫ ОНЛАЙН ЕСЕП ИНТЕРНЕТТІҢ ИГІЛІГІ

ӨТКЕН СӘРСЕНБІ АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАРҒА САЙ, ӨЗІНІҢ АУДАН ХАЛҚЫНЫҢ АЛДЫНДАҒЫ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕБІН АЛДЫН-АЛА ХАБАРЛАНҒАНДАЙ, АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ ИНСТАГРАММ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІСІНДЕГІ ПАРАҚШАСЫНДА ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ ӨТКІЗДІ.



Өткен жылғы есеп беру кездесулерде тұрғындардың көтерген автокөлік жолдарын және әлеуметтік нысандарға жөндеу жүргізу, материалдық-техникалық базасын нығайту мәселелері жөнінде 10 мәселе аудан деңгейіндегі іс-шаралар жоспарына енгізілген болатын.

Оның ішінде, аудандық маңыздағы «Ойыл-Қараой», «Ойыл-Көптоғай» автокөлік жолдарын жөндеу жұмыстары былтыр басталып, ауылдық елді мекендерді қосымша жарықтандыру, Қараой ауылындағы мектеп жанындағы балабақша ғимаратын жөндеу, Қайыңды, Сапақкөл ауылдық клубтарының материалдық-техникалық базалары нығайту мәселелері шешілді. Ш.Берсиев, Ақкемер, Тайсойған ауылдық клуб ғимараттарын жөндеуге жобалау-сметалық құжаттары дайындалып, қаржыландыруға ұсынылды. Өсіресе, Ойылға «Жұмыспен қамтудың жол картасы бағдарламасының» тиісінген игілігі көп. Бір ғана мысал, осы бағдарлама шеңберінде жөндеу жұмыстары жүргізілген 12 әлеуметтік нысанда, жолдарды жөндеу және құрылыс жұмыстарында жұмыспен қамту орталығы арқылы 108 адам жыл бойы табыс тапты.

Сонымен қатар, осы бағдарлама аясында республикалық бюджеттен бөлінген қаржыларға Саралжын, Берсиев, Жекенді дөрігерлік амбулаториялары мен Көсембай дөрігерлік пунктінде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілсе, Қараой мектеп-балабақшасының балабақша ғимараты мен Құрман және Сапақкөл орта мектептерінің жаңаруына да осы бағдарламаның қолдауы болды. Ал, «Ауыл ел бесігі» аясында Ш. Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназияның ескі ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Соңғы жылдары тұрғындардың көтеріп жүрген негізгі мәселелерінің бірі – жол қатынасы. Бұрнағы жылы Ойыл мен Қараталдың арасындағы автокөлік жолына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілсе, былтырғы

басталған «Ойыл-Қараой» жолына күрделі жөндеу жұмысы был да жалғасын табады. Сондай-ақ, Көптоғай, Шұбарши ауылдарына жол құрылысы басталды. «Саралжын - Қайыңды», Сарбие ауылына кіреберіс 16 шақырым автомобиль жолдарын орташа жөндеу бойынша жобалау-сметалық құжаттары дайындалып, жергілікті бюджеттен қаржы бөлініп отыр. Бестамақ, Ақкемер, Ойыл, Кемер, Қаракемер, Құмжарған, Екпетау ауылына кіреберіс және Ақшатау-Қаракемер автокөлік жолын орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жобалау-сметалық құжаттары жасқалуда.

«Жұмыспен қамтудың жол картасы» және «Ауыл ел бесігі» мемлекеттік бағдарламалары аясында бюджеттен қаржы бөлініп, Ойыл селосындағы Көкжар, Желтоқсан, Бақаев, Молдағұлова, Аманкелді, Шернияз көшелеріне асфальттау жұмыстары жүргізілді. Алдағы жылға 9 көшеге асфальт төсеуге жобалау-сметалық құжаттары жасқалды.

2021 жылдан бастап, ауылдық округ орталығы көшелеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін Көптоғай ауылдық округінде 2,9 км 4 көшеге, Сарбиеде - 3,35 км 4 көшеге, Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінде 2,4 км 2 көшеге, Қараой ауылдық округінде 3,2 км 3 көшеге орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жобалау-сметалық құжаттары жасқалды.

Аудан тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету деңгейі қарқын алып, Мемлекеттік бағдарламалар аясында республикалық және облыстық бюджеттен былтыр 159, 853 млн теңге бөлініп, Ойыл селосындағы жаңа тұрғын-үй құрылысы алаңына ауыз су құбыры тартылса, Қайыңды ауылдық округі Көсембай елді мекенінде 221,5 млн. теңгеге, Ойыл ауылдық округі Ақшатау елді мекенінде 361,5 млн. теңгеге, Қаракемер елді мекенінде 287, 2 млн. теңгеге, Саралжын ауылдық округі Ақкемер елді мекенінде 259,8 млн. теңгеге орталық-

тандырылған ауыз су құбыры құрылысы жүргізіліп, пайдалануға берілді. Яғни, бүгінгі таңда аудан халқының 92,6% сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілді. Тұрғындар саны аз шағын 5 елді мекенді суды тазартудың көшенді блоктық модулін орнату арқылы сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жоспарланып, Қаракөл және Шұбарши елді мекендері бойынша жобалау-сметалық құжаттары дайындалып жатса, Қоңырат және Құбасай елді мекендерінде жер асты ауыз су қорына іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізуге ұсыныс берілді. Бестамақ елді мекенінде жалпы сметалық құны 241,4 млн. теңге тұратын орталықтан-дырылған ауыз су құбырын жүргізу үшін жобалау-сметалық құжаттары жасқалтылып, 2021 жылы құрылыс жұмыстарына 234 млн. 569,0 мың теңге бөлініп отыр.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасымен бірлесіп жалпы сметалық құны 547 млн. 778,0 мың теңге тұратын «Қаратал ауылына жеткізуші және ауылшілік газ құбырының құрылысы» жобалық-сметалық құжаттамасы дайындалып, мемлекеттік сараптамааның оң қорытындысы алынып, 2021 жылы құрылысты бастауға облыстық бюджеттен 50,6 млн. теңге қаржы бөлініп отыр. Аталған жоба бойынша ауданның Екпетау, Аманкелді, Көптоғай, ауылдарын газдан-дыру үшін жобалау-сметалық құжаттарын дайындауға 51,9 млн. теңге қаржы бөлінді.

Өткен жылы «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында оптикалық-талшықты интернет желісінің құрылыс жұмыстары жалғасып, Қараой, Сарбие ауылдарында мемлекеттік мекемелер жоғарғы жылдамдықты интернет желісіне қосылды. Жергілікті бюджеттен қаржы бөлініп, Құмжарған, Шұбарши, Ақкемер, Қарасу, Қаракемер, Ақшатау елді мекендеріне мобилді байланыс үшін мұнаралар орнатылып, Ақжар және Кемер, Ақкемер, Қараой, Сарбие, Көсембай, Құмжарған, Аманкелді елді мекендерінде 3G KCell, Beeline ұялы байланыстары іске қосылды. Алда 250 адамнан артық тұратын Қарасу (Көптоғай), Шұбарши, Ақшатау, Қаракемер елді мекендерін ұялы байланыспен толық қамту шаралары қарастырылуда.

Мемлекеттік бағдарламалардың игілігі мұнымен шектелген жоқ. Осы бағдарламалар арқылы қолдау көрсетіліп, 26 шаруашылық 910 бас мүйізді ірі қара сатып алса, 16 шаруашылық 2459 бас қой сатып алды.

Аудан шаруашылықтарында 1125 бас асыл тұқымды мүйізді ірі қара, 10 шаруа қожалығында 7065 бас асыл тұқымды қой-ешкі, 4 шаруашылықта 231 бас асыл тұқымды жылқы өсірілуде. Тек былтырдың өзінде аудандағы мал басы 310 бас асыл тұқымды мүйізді ірі қарамен толықты.

«Еңбек» Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасының «Жаппай кәсіпкерлікті дамыту» жобасы аясында 51 жоба бойынша 237,5 млн. теңге несие

алынды.

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында аудан кәсіпкерлері 6 жоба бойынша 173,0 млн. теңге несие алып, шаруашылықтарын ұлғайтты. Сондай-ақ, аталған бағдарлама аясында өткен жылы құжаттарын тапсырған 2 шаруа қожалығының 51,0 млн. теңге несие алуына көмек берілді.

Ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алуға мемлекеттік қолдау жалғастырылып, 18 шаруа қожалығына 151 млн. 324,0 мың теңгеге лизингтік жүйемен 15 трактор мен шөп шабу агрегаттарын алуға көмек берілсе, 25 шаруа қожалығы өз қаржылары есебінен 48 млн. 815,0 мың теңгеге шөп дайындауға қажетті агрегаттар сатып алып, материалдық базаларын нығайтты.

Ауыл шаруашылық құрылымдарын Үкімет тарапынан мемлекеттік қолдау жалғастырылып, мал шаруашылығын дамыту жұмыстары үшін 66 шаруа қожалығына 124 млн. 340 мың теңге көмек қаражат – субсидия берілді. «Тәжібай Агро» ЖШС суармалы жеріне жетіспейтін инфрақұрылымдарды жеткізу жобасы (жоба құны 150,0 млн.т) бойынша облыстық бюджеттен 50,0 млн.теңге қаржы бөлу мақұлданды.

Жаңа бизнес идеялар жүзеге асыру үшін 39 адамға 200 АЕК көлемінде 21,0 млн. теңгеге мемлекеттік гранттар беру жоспарланып еді. Тұрғындардың өтініш-тілектері ескеріліп, 64 адамға 35,4 млн. теңгеге мемлекеттік гранттар берілді. Алдағы уақытта «Еңбек» Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың бағдарламасы аясында шағын кәсіпкерлікті дамыту мақсатында бөлінген несиелерді бірінші кезекте өнім өңдеу мен тұрмыстық қызмет көрсету салаларында жаңа жұмыс орындарын ашуға бағыттап, ауданда дестүрлі емес кәсіпкерлік саласын одан әрі дамытуға мемлекеттік қолдау көрсету көзделіп отыр.

Тек мемлекеттік бағдарламаларға иек артпай, аудан кәсіпкерлері де ауданның экономикасын көтеруге, көркейтуге өз үлестерін қосып жатыр. Мәселен, «Туған жерге тағзым!» жобасының аясында демеушілік жұмыстар жалғасып, былтыр 91 млн. 362,0 мың теңгеге 44 жоба жүзеге асырылды. Оның ішінде аудан орталығында аудандық аурухана ғимараты алдында «Денсаулық алпесы» жасқалтылып, Ақшатау ауылында 80 орындық ауылдық клуб ғимаратын салу ұйымдастырылуда. Аудан орталығында демеушілік қаржы есебінен аумағы 500 шаршы метр Музыка мектебі салынып, пайдалануға берілді.

Тікелей эфирдегі онлайн есептен соң, Асқар Қайырғалиұлы тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді. Тұрғындар негізінен интернет байланысының жылдамдығы, ауылдарға ауыз су, газ құбырын тарту туралы сұрады.

P.S Аудан әкімінің әлеуметтік желіде жүргізілген есебін тікелей эфир арқылы 306 адам тыңдады.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

ЕКІПЕ САЛУ - ҚАУІПТІҢ АЛДЫН-АЛУ!



Екпе 18 жасдан асқан адамдарға арналған. Екпе алдында дерігер пациенттерді міндетті түрде тексереді. Қандайда да бір ауру түрлері байқалса, сауыққанға дейін медициналық көрсетілім бойынша екпе кейінге шегеріледі. Сондай-ақ ер адам вакцинаны құрамы мен өндірушісі туралы ақпаратпен танысуға құқылы. Аудан бойынша бүгінгі күні 3143 адамға екпе жасау жоспарланған, бірінші кезекте тізімге коронавирус індетін жұқтыру қаупі жоғары мамандар жатқызылған.

- 1) Медицина, санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мамандары.
- 2) Педагогтар.
- 3) Учаскелік полицейлер.
- 4) Студенттер.
- 5) Әлеуметтік нысандар, жабық бапалар үйі қызметкерлері.
- 6) ІІБ, ТЖБ, ҰҚК мамандары.
- 7) Мемлекеттік қызметкерлер.
- 8) Созылмалы аурулары бар адамдар (қант диабеті, созылмалы екпе аурулары, жүрек қан тамырлары аурулары).

Аурудың алдын-алуға екпе (вакцинация) ең тиімді қорғаныс құралы, сондықтан вакцинаға қол жеткізген

алғашқы елдердің бірі болғанымызға қуанымыз керек. Жеке өзін вакцина арқылы медицина мамандарын, тұтас халықты қорғай алатынымызға сенемін. Вакцинаның бірінші дозасын алғаннан кейін карантинге оқшаулаудың қажеті жоқ. Коронавирусқа қарсы вакцина 21-күндік аралықпен екі кезек жасалады. Бірінші доза антиденелердің аз мөлшерін өндіруге байланысты қысқа қорғаныс есерін береді. Екінші дозасы біріншісінің дозасын қауіп жоғары мамандар жатқызылған. адам ағзасындағы антиденелер саны артады. Вакцинациялау арқылы ең алдымен өзіңізді қорғайсыз, өз ағзаныңды вирус жұқтыру мүмкіндігін азайтасыз. Кезек-кезеңімен аудан халқының 50-70 пайызын вакцина егумен қамтысақ, халық арасында имундық қауіп пайда болып, осылайша шектеусіз, карантинсіз қалыпты өмірге орала алатынымызды жеткізіп, вакцинациялаудың ең басты мәселесі осы болатынын атап өткім келеді.

Ғ.ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық
СЗББ басшысы.

«ТҮНГІ КІТАПХАНА» ЖҰМЫСЫН ҚАЙТА БАСТАДЫ

Осыдан тура үш жыл бұрын ойылдықтар үшін «Түнгі кітапхана» жұмысын бастағаны баршаға мәлім. Әлеуметтік желі арқылы кітапхана ұжымы оқырманды кітап оқуға шақырды. Бұл бастама жұмыстан қолы босамай, кітап оқуға уақыт жеткізе алмай жүргендер үшін тиімді болды. Алайда «Түнгі кітапхана» коронавирус пандемиясы кезінде жұмысын тоқтатқан болатын. Қазір жағдай қалыпты. Сондықтан санитарлық талаптарды сақтай отырып, «Түнгі кітапхана» жұмысын қайта бастады. Әр аптаның бейсенбісінде кешкі 10-ға дейін Ойыл аудандық орталықтандырылған кітапхананың есігі оқырмандарына айқара ашық.

Осы орайда өткен бейсенбіде «Түнгі кітапхана» акциясы аясында XIX ғасырдың дәстүрлі өнер әкілі, композитор Құрманғазының шәкірті, күй өнерінің нас шебері Дина Нүрпейісованың 160 жылдық құрметіне орай Ойыл аудандық орталықтандырылған кітапхана ұжымы «Домбыра дастан» атты әдеби кешке арқау болды. Шара кезінде Дина аناмыз шығарған күйлерінің тарихы мен күйді орындау шеберлігін жайында естеліктер айтылды. Сонымен қатар айтулы кешке

аудандық музыка мектебі ұжымы арнайы келіп күйден маржан текті. Алдымен Мұратхан Таңатарұлы кітапхана ішін домыраның қоңыр үнімен жаңғыртса, Назгул Төрешова оқырмандарға Дина аناмыздың «Партия» күйін тарту етті. Әрі қарай Гүлнара Сағатова Дина Нүрпейісованың күйлерінің жинақтарын оқырмандарға таныстырса, Салтанат Мерғалиева «Тойбастар» күйімен кешті аяқтады. «Түнгі кітапхананың» оқырманы ретінде біз айтулы кеш оқырмандар жүрегінен орын тапқанын байқадық. Қазір кітап оқитын жандар жоқтың қасы десеңіз, өлі де болса арамызда аулақ ұстап, рухани байлықты ұмыт қалдырмауымыз керек.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА» АРНАЛҒАН «30 ИГІ ІС» ЭСТАФЕТАСЫ БАСТАЛДЫ



Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «30 игі іс» эстафетасын бастады. Осы эстафета аясында Ойыл ауылдық округінің және «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының «Jas Otan» жастар қанатының инициаторы «Тегін такси» акциясын ұйымдастырды.

Сауапты іске аудандық жастар ресурстық орталығы ұйытқы болып, акцияға ерікті түрде Ойыл ауданының жастары, мектеп мұғалімдері қатысып аудан тұрғындарына, қарт адамдарға, тегін қызмет көрсетті. Атап айтсақ, Ойыл қазақ орта мектебінің матема-

тика пәнінің мұғалімі Арсен Аққалиев, физика пәнінің мұғалімі Жәніс Зейноллин, Ж.Жүсіпбаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің социологі Бекзат Ұлықпанов, дене шынықтыру пәні мұғалімі Нұрлан Ешимов, Ойыл аграрлық колледжінің оқытушы Шүкір Орынбасаров жеке көліктерімен акцияға атсалысты. Қоғамға жастарды қайырымдылық, игі іс жасауға бағытталған шара шеңберінде аты аталған азаматтар тұрғындарды діндеген жеріне көк тиын алмай жеткізді. Ал, үлкендер болса, өз кезегінде осындай шараға мұрындық болған және атсалысқан жастарға алғыстарын жаудырды.

ЖЕМ МЕН ОЙЫЛ ӨЗЕНДЕРІНІҢ АҒЫНЫ АЗАЙДЫ

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қазгидромет» РМҚ шаруашылық қызмет пен климаттың өзгеруі жағдайында Жем мен Ойыл өзендері ағынының өзгеруіне талдау жүргізді.

Талдауға сәйкес шаруашылық қызметке климаттық факторлардың өзгеруі енгізу нәтижесінде шартты-табиғи кезеңмен салыстырғанда Жем өзеніндегі ағынның орташа жылдық көлемі 201 млн текше метр (58%-ға), Ойыл өзені бойына 233 млн текше метрге (25%-ға) дейін төмендеді.

Генезисі бойынша Қазақстанның жазық өзендері қармен қоректенетін өзендерге жатады. Сондықтан қысқы кезеңдегі жауын-шашын мөлшерінің ұзақ мерзімді динамикасы талданып, оған сәйкес соңғы 20 жылда жауын-шашынның азаюы байқалғаны анықталды. Бұл ретте өзендердің екі бассейнінде де ауаның орташа жылдық температурасының жоғарылауы байқалады. Бұл өз кезегінде су тасқыны басталатын уақыттың неғұрлым өрте мерзімге ығысуына өкеледі, осылайша аталған кезеңнің ұзақтығын арттырады.

Бүгінде шағын өзендер ағынының азаю себептерін анықтауды ары қарай зерттеу және оның экожүйесін сақтау үшін ұсыныстар өзірлеу маңызды міндеттердің бірі. Бұл үшін Қазгидромет Жем және Ойыл өзендері бассейндерінің қазіргі жағдайын зерттеу мен ағынның өзгеру себепте-



рін анықтау бойынша экспедициялық іс-шаралар өткізуді жоспарлап отыр.

Жем мен Ойыл өзендерінің бассейндерінде гидрометриялық бақылаулар 1935 жылдан бері жүргізіліп келеді. Өткен ғасырдың үшінші жылдарының ортасында Жем өзені ағынының орташа жылдық көлемі 474 млн текше метр, Ойыл өзенінде 310

млн текше метрді құраған. Жайылма суару мен шағын гидротехникалық құрылыстар үшін бағыттер жүйелерінің пайда болуынан ағынның орташа жылдық көлемі 18%-ға қысқарды және Жем өзені бойынша 388 млн текше метрді, Ойылда 253 млн текше метрді құрады.

Осындай өзгерістер еліміздің басқа

өңірлерінде де орын алуда. Өз кезегінде ірі су объектілерінің салаларын қоректендіретін шағын өзендердің осы іспетті мәселелерін зерделеу тек Қазгидромет мамандары үшін емес, сонымен бірге су қауіпсіздігі саласындағы бүкіл ғылыми қоғамдастық үшін бірінші кезектегі маңызды міндет болып саналады.

2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ БЮДЖЕТІ					
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)	
1	01	04	2	Кірістер	80 319
				Салықтық түсімдер	10 999
				Табыс салығы	830
				Жеке табыс салығы	830
				Меншікке салынатын салықтар	10 169
				Мүлікке салынатын салықтар	286
				Жер салығы	445
				Көлік құралдарына салынатын салық	9 438
				Салықтық емес түсімдер	328
				Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	293
2	01	06	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	293
				Басқа да салықтық емес түсімдер	35
				Басқа да салықтық емес түсімдер	35
				Трансферттердің түсімдері	68 992
				Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	68 992
				Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	68 992
4	02	3			

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
01	1	124	001	Шығындар	80 319
				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	43 604
				Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	43 604
				Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің аппараты	43 604
				Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	43 604
				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	31 099
				Елді-мекендерді көркейту	31 099
				Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің аппараты	31 099
				Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	9 419
				Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	795
07	3	124	008	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	100
				Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	20 785
				Көлік және коммуникация	3 859
				Автомобиль көлігі	3 859
				Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің аппараты	3 859
				Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3 859
				Борышқа қызмет көрсету	1 757
				Борышқа қызмет көрсету	1 757
				Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің аппараты	1 757
				Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округ өкімі аппаратының аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	1 757
12	1	124	013		
14	1	124	042		

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				Таза бюджеттік кредиттеу	

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
5	01	1	Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	0

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
				Қаржы активтерін сатып алу	0
				Бюджет тапшылығы (профициті)	0
				Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
7	01	2	Қарыздар түсімдері	0
			Мемлекеттік ішкі қарыздар	0
			Қарыз алу келісім-шарттары	0

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
16	1			Қарыздарды өтеу	0
				Қарыздарды өтеу	0

2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГ БЮДЖЕТІ				
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
1	01	2	Кірістер	28 871
			Салықтық түсімдер	1 705
			Табыс салығы	40
			Жеке табыс салығы	40
2	04	1	Меншікке салынатын салықтар	1 665
			Мүлікке салынатын салықтар	30
			Жер салығы	80
			Көлік құралдарына салынатын салық	1 555
	01	4	Салықтық емес түсімдер	207
			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	176
			Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	176
			Басқа да салықтық емес түсімдер	31
06	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	31	
		Трансферттердің түсімдері	26 959	
02	3	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	26 959	
		Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	26 959	

БЮДЖЕТ УИЛСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА НА 2021 ГОД				
Категория	Класс	Подкласс	Наименование	Сумма (Тыс.тенге)
1	01	2	Доходы	80 319
			Налоговые поступления	10 999
			Подоходный налог	830
			Индивидуальный подоходный налог	830
			Налоги на собственность	10 169
			Налоги на имущество	286
			Земельный налог	445
			Налог на транспортные средства	9 438
			Неналоговые поступления	328
			Доходы от государственной собственности	293
2	01	5	Доходы от аренды имущества, находящегося в государственной собственности	293
			Прочие неналоговые поступления	35
			Прочие неналоговые поступления	35
			Поступления трансфертов	68 992
			Трансферты из вышестоящих органов государственного управления	68 992
			Трансферты из районного (города областного значения) бюджета	68 992
4	02	3		

Функ. группа	Функ. подгруппа	Администратор	Программа	НАИМЕНОВАНИЕ	Сумма (тыс.тенге)
01	1	124	001	Затраты	80 319
				Государственные услуги общего характера	43 604
				Представительные, исполнительные и другие органы, выполняющие общие функции государственного управления	43 604
				Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа	43 604
				Услуги по обеспечению деятельности акима города районного значения, села, поселка, сельского округа	43 604
				Жилищно-коммунальное хозяйство	31 099
				Благоустройство населенных пунктов	31 099
				Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа	31 099
				Освещение улиц в населенных пунктах	9 419
				Обеспечение санитарии населенных пунктов	795
07	3	124	008	Содержание мест захоронений и погребение безродных	100
				Благоустройство и озеленение населенных пунктов	20 785
				Транспорт и коммуникации	3 859
				Автомобильный транспорт	3 859
				Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа	3 859
				Обеспечение функционирования автомобильных дорог в городах районного значения, селах, поселках, сельских округах	3 859
				Обслуживание долга	1 757
				Обслуживание долга	1 757
				Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа	1 757
				Обслуживание долга аппарата акима города районного значения, села, поселка, сельского округа по выплате вознаграждений и иных платежей по займам из районного (города областного значения) бюджета	1 757
12	1	124	013		
14	1	124	042		

Функ. группа	Функ. подгруппа	Администратор	
--------------	-----------------	---------------	--

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
01	1	124	001	Шығындар Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің аппараты Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық Елді-мекендерді көркейту Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің аппараты Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	28 871 23 869 23 869 23 869 23 869 5 002 5 002 5 002 1 090 500 3 412
07	3	124	008 009 011		

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				Таза бюджеттік кредиттеу	0

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
5	01	1	Бюджеттік кредиттерді өтеу Бюджеттік кредиттерді өтеу Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	0 0 0

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо Қаржы активтерін сатып алу Бюджет тапшылығы (профициті) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0 0 0 0

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
7	01	2	Қарыздар түсімдері Мемлекеттік ішкі қарыздар Қарыз алу келісім-шарттары	0 0 0

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
16	1			Қарыздарды өтеу Қарыздарды өтеу	0 0

Ойыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №480 шешіміне 7 қосымша

2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ БЮДЖЕТІ				
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
1	01	2	Кірістер Салықтық түсімдер Табыс салығы Жеке табыс салығы Меншікке салынатын салықтар Мүлікке салынатын салықтар Жер салығы	24 449 1 912 40 40 1 872 42 95
2	04	1 3 4	Көлік құралдарына салынатын салық Салықтық емес түсімдер	1 735 70
01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	65
06	5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	65
4	06	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	5
02		3	Басқа да салықтық емес түсімдер Трансферттердің түсімдері Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	5 22 467 22 467 22 467

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
01	1	124	001	Шығындар Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің аппараты Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық Елді-мекендерді көркейту Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің аппараты Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	24 449 19 351 19 351 19 351 19 351 5 098 5 098 5 098 856 500 60 3682
07	3	124	008 009 010 011		

Функ. группа	Функ. подгруппа	Администратор	Программа	НАИМЕНОВАНИЕ	Сумма (тыс.тенге)
01	1	124	001	Затраты Государственные услуги общего характера Представительные, исполнительные и другие органы, выполняющие общие функции государственного управления Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа Услуги по обеспечению деятельности акима города районного значения, села, поселка, сельского округа Жилищно-коммунальное хозяйство Благоустройство населенных пунктов Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа Освещение улиц в населенных пунктах Обеспечение санитарии населенных пунктов Благоустройство и озеленение населенных пунктов	28 871 23 869 23 869 23 869 23 869 5 002 5 002 5 002 5 002 1 090 500 3 412
07	3	124	008 009 011		

Функ. группа	Функ. подгруппа	Администратор	Программа	НАИМЕНОВАНИЕ	Сумма (тыс.тенге)
				Чистое бюджетное кредитование	0

Категория	Класс	Подкласс	Наименование	Сумма (тыс.тенге)
5	01	1	Погашение бюджетных кредитов Погашение бюджетных кредитов Погашение бюджетных кредитов, выданных из государственного бюджета	0 0 0

Функ. группа	Функ. подгруппа	Администратор	Программа	НАИМЕНОВАНИЕ	Сумма (тыс.тенге)
				Сальдо по операциям с финансовыми активами Приобретение финансовых активов Дефицит (профицит) бюджета Финансирование дефицита (использование профицита) бюджета	0 0 0 0

Категория	Класс	Подкласс	Наименование	Сумма (тыс.тенге)
7	01	2	Поступление займов Внутренние государственные займы Договоры займа	0 0 0

Функ. группа	Функ. подгруппа	Администратор	Программа	НАИМЕНОВАНИЕ	Сумма (тыс.тенге)
16	1			Погашение займов Погашение займов	0 0

Приложение 7 к решению Улсского районного маслихата от 30 декабря 2020 года №480

БЮДЖЕТ КОПТОГАЙСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА НА 2021 ГОД				
Категория	Класс	Подкласс	Наименование	Сумма (тыс.тенге)
1	01	2	Доходы Налоговые поступления Подходный налог Индивидуальный подходный налог Налоги на собственность Налоги на имущество Земельный налог	24 449 1 912 40 40 1 872 42 95
2	04	1 3 4	Налог на транспортные средства Неналоговые поступления Доходы от государственной собственности Доходы от аренды имущества, находящегося в государственной собственности Прочие неналоговые поступления Прочие неналоговые поступления	1 735 70 65 65 5 5
4	06	1	Поступления трансфертов Трансферты из вышестоящих органов государственного управления Трансферты из районного (города областного значения) бюджета	22 467 22 467 22 467

Функ. группа	Функ. подгруппа	Администратор	Программа	НАИМЕНОВАНИЕ	Сумма (тыс.тенге)
01	1	124	001	Затраты Государственные услуги общего характера Представительные, исполнительные и другие органы, выполняющие общие функции государственного управления Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа Услуги по обеспечению деятельности акима города районного значения, села, поселка, сельского округа Жилищно-коммунальное хозяйство Благоустройство населенных пунктов Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа Освещение улиц в населенных пунктах Обеспечение санитарии населенных пунктов Содержание мест захоронений и погребение безродных Благоустройство и озеленение населенных пунктов	24 449 19 351 19 351 19 351 19 351 5 098 5 098 5 098 856 500 60 3 682
07	3	124	008 009 010 011		

(Жалғасы келесі санда)

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1767 дана. Тапсырыс №158
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

